

№34 көп салалы мектеп-гимназия кітапханасының 2020-2021 оқу жылында оқушыларды оқулықтармен, оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету жайында мәлімет.

2020-2021 оқу жылы бойынша кітапханамызда жалпы кітап қоры – 50580 дана, оның ішінде оқулықтар – 44170 дана, оқу әдістемеліктер – 428 дана, брошура дәптерлер – 5007 дана, көркем әдебиеттер – 975 дана, жалпы сомасы – 67 028 396 теңге 00 тиын.

Оқушыларды оқулықпен қамтуда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің № 364 бұйрығы, Атырау облысы білім беру басқармасының №226 бұйрығы, қалалық білім бөлімінің №667 бұйрығы басшылыққа алынады.

Оқушылар оқулықпен қамтылуда ата-ана қамқорлығынсыз қалған, жартылай жетім, көп балалы, аз қамтылған оқушылар бірінші кезекте қамтылды. Жалпы мектеп бойынша оқушылардың оқулықпен қамтылуы 100 пайыз.

Биылғы оқу жылында келген 11 сынып оқулықтары жаңартылған бағдарлама бойынша оқушыларға түгелдей дерлік таратылды. Мектепалды даярлық тобына сұраныс берілгенмен оқулықтар келген жоқ. Сонымен қатар 6 сынып музыка оқулығы жетіспеуіне байланысты қосымша сұраныс берілді. Бірақ оқулық келген жоқ. Мектеп ұстаздарына оқу-әдістемелік көрнекіліктер пәндер бойынша беріліп, көмек көрсетіледі. Ұстаздар мен оқушылар көркем әдебиеттермен қамтылған.

Жылма-жыл оқушының көбеюіне байланысты оқулықтар жетіспеушілігі сезіліп жатады. Сол орайда қалалық білім бөліміне сұраныс беруге тура келеді.

Сонымен қатар 5,6 сыныптарға информатика оқулығы келді. 5,8 сыныптарға қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы оқулықтары келіп оқушыларға таратылды. Электрондық оқулықтар да мұғалімдерге көрнекілік құрал ретінде ұсынылады.

Кітапхана есебі тоқсан сайын есепшілер бөліміне тапсырылады. Тоқсанына 1 рет кітаптарға тексеру жұмысы ұйымдастырылады. Кітапханада тұрақты кітап көрмелері ұйымдастырылып, картотекалар мен библиографиялық тізімдемелер жасақталды. Кітапханада жылдық, айлық, апталық жоспарлар директордың қолымен бекітілген.

Сонымен қатар кітапханада тақырыптық картотекалар жасақталған. Кітапханашылардың жеке портфолиесі жасақталған. Айлық жоспар директордың тәрбие ісі меңгерушісінің қолымен бекітілген. Жасалынған жоспар бойынша шаралар уақытында өткізіліп, өткізілген шаралардың бір данасы видео, фотосуреттер түрінде тәрбие ісінің меңгерушілеріне тапсырылады. Өткізілген шаралардың барлығы кітап көрмесі, видео, слайд болып жасақталады.

Кітапхана меңгерушісі:

Кітапханашы:



Н.Құрмантаева.

Г.Нурхиева.